




## КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ ЕҢ СОҢҒЫ ИМПЕРИЯСЫ ҚАЛАЙ ЖОЙЫЛДЫ?

Ұлтымыз бойынан отарлық дәуірдің зардабы толық айығып болмады. Соның ішінде ең ауыры – ұлттық сананың сырқаты. Бұл сырқат ұлттың көңіл көкжиегін кеңітпей келеді. Әсіресе, тарихи санасы – өз тарихына, өзі қатысқан өңірдің, адамзаттың тарихына деген танымы әлі де шірерлі күйде. Оның мысалы – «XXI ғасырдағы Қазақ-Жоңғар соғысы». Бүгінгі әдебиетіміз бен кино саласынан тартып, халық арасында тарап жүрген «бұралқы сөзден» құралған күлдіргілерімізге дейін жоқ жоңғармен әлі жауласып, әлі де жоңғар қуалап жүргеніміз. Көшпендінің бағы тайған тұста, алыстағы екі империяның және басқа да себеп-салдардың айдауымен дала көкжалдары бірінің алқымын бірі шайнап, өз даласында қан төгісіп сахнасын босатып шыға берді. Ең өкініштісі бүгінгі халықтың өз тарихына деген танымы. Кешегі отаршылдар үйреткен тарих бойынша әлі де дала еркелері тағы, жабайы саналса, жоңғарлар туралы жазылған кітап пен түсірілген кино біткенде шапқыншы, отарлаушы, қырып-жоюшы саналып жүр. Әрине, Жоңғар шапқыншылығының Қазақ ордасына тигізген зардабын жоққа шығара алмаймыз. Бірақ, Жоңғар империясына тек осы қырынан қарау «киіз туырлықты» халық ретінде қаншалықты әділдік болар еді? Олай болса Жоңғарлар кім еді? Олар қазақтың бірден бір бақталас жауы болды ма? Ұлы даланы дүбірлеткен жоңғарлардың саны қанша еді? Кімдермен соғысты, кімді ұтып, кімнен ұтылды? Көшпендінің соңғы империясы қалай құрылып, күні қалай батты? Міне бұл сұрақтарға Ерзат



Кәрібайдың ізденісінен туған мақаласы арқылы жауап беріп көрейік.

### Алғашқы Ойрат империясы

Адамзат тарихындағы көшпенділердің ең соңғы империясын ойраттар құрды. Шыңғыс қағанның алғашқы өрлеу дәуірінде ойраттар Байкал көлінің солтүстік батысындағы орман тайпалары болатын. Ойрат, бурят, қыры түмет, бұлағачин, керемучин, арасут, күштеми

қатарлы қидан тілдес (бүгінше айтқанда монғол тілдес) орман тайпалары Сібір ормандарында аңшылықпен шұғылданған. Олар бұл мекенге 840 жылдары, яғни, Ұйғұр қағанатын құлатқан Қархастар бастаған Сібір түркілері ұйғұрлардан қалған иен сахараға қоныс аударғанда, ойраттар Сібір түркілерінен қалған иен далаларға қоныс аударды деп тұспалдауға болады.

(Жалғасы 4-5 бетте)

Менің қазір тарихқа көбірек көңіл бөліп жүргенім неліктен? Ағаш биіктеп өскен сайын тамыры жерге тереңдеп бойлай береді. Адам да сондай. Ол болашағын неғұрлым көп ойласа, өткенін неғұрлым көп білгісі келеді. Олай етпейінше, болашақты жасау мүмкін емес.

Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН

## ЖАРКЕНТ ТҮРМЕСІ – ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАРДЫҢ КУӘСІ

(Соңы. Бас өткен нөмірлерде)

Сталиндік зұлматтың елдің экономикалық-саяси, әлеуметтік дамуына қаншалықты кедергі келтіріп, кесірін тигізгендігі туралы тарихи материалдар әлі де жазылып жатыр. Өздерін «ұлы» санайтын халықтың сойылын соққан ұлты грузин, аты еврей тектес Сталин қолдағы билігін барынша пайдаланып қазақ ұлтын қынадай қырды.

Біздің Жаркент аймағындағы Талды, Бұрхан ауылдарынан тұтқындалынып, жазықсыз сотты болған Нүсіпов Әубәкір, Қасымбеков Нұрахмет, Изембаев Қожакан, Изембаев Батырхан сияқты сол уақыттарда ел көзінде жүрген, жана заман орнады соған лайықты қалтқысыз еңбек етейік деп білек сыбана кіріскен азаматтардың қаперлерінде келешек қоғам туралы жарқын ойларынан басқа ешнәрсе жоқ еді. Бұл келтіріп отырған деректер 1997 жылы жазылып, қуғын-сүргін құрбандарына орналған аудандық конференцияда оқылған Д.Рақышев атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Дина Манапқызы Нұрпейісованың баяндамасынан алынып көрсетіліп отыр. Ауылдағы құрбан болған ер-азаматтардың көзін көріп, артынан елге азаматтығын айтып берген куәгерлермен ауызба-ауыз сөйлесіп құнды жазбалар алған. Жазылған материалды мен сақтап жүріп 21 жылдан кейін 2018 жылы өзіміз ашқан «Жаркент айнасы» газетінде жарияладық.

Мақаладағы көрсетілген Нүсіпов Әубәкір жасынан ширақ, еті тірі сауатты адам болған. Төңкерістен кейін қазақ жерінде алғаш құрылған «Қосшы одағының» осы өңірдегі 1927-1928 жылдардағы бірінші басшыларының бірі болған кісі. Халықты үлкен іске жұмылдыра білген Әубәкір Бөрібай би, Шекіні, Үлкенбағаш, Бұрхан ауылдарында мектеп үйін салдыртып, Бұрхандағы бастауыш мектептің директоры қызметін атқарады. 1930 жылдан шекара отрядында, кейіннен Талды, Сарытөбе колхоз басқармасының төрағасы, Жамбыл колхозында ферма меңгерушісі, содан соң 1936 жылы О.Исаев (Бұрхан ауылы) атындағы колхоз бастығы қызметін атқарған. Қай салада болмасын өндіріп қызмет атқарған адал жүрек азаматты 1937 жылы ұстаған. Тағылған айып колхозға зиянкестік жасады, «халық жауларымен» сыбайлас болды деген желеу. Тергеуге алынып, Жаркент түрмесінде жатып жазаға кесіліп, Қиыр Шығысқа айдалып кеткен. Ең соңғы хатында Тойчик станциясына барғанын жазған. Содан хабар-ошарсыз кеткен. Іздеусіз сұраусыз болған соң күні бүгінгіге дейін ақталмаған.

(Жалғасы 3-бетте)



## ЖАРКЕНТТІҢ СУЫ – ЕМ, БАТПАҒЫ – ШИПА

Жаркент аймағының жер асты сулары Ақкент, Пенжім ауылында тереңдігі 20-30 метрге дейін болады. Шығыс бөлігінде жер асты еспе суларына әсер ететін өзендер жоқ. Еспе сулары ұсақ тасты шөгінділердің үстінде 10-15 метр тереңдікте орналасқан, олар топырақтың қалыптасуына ықпал етпейді.

Жаркенттен оңтүстікке қарай ерекше гидрологиялық жағдайлармен оқшауланған аудандар бар. Жер асты сулары жер бетіне жақын орналасқандықтан, жаз мезгілі соңына дейін одан да жоғары көтеріледі. Селдің тасқын сулары топырақты кейде артығымен дымқыл жағдайда ұстап тұрады. Өз бетімен ағатын су көздері ауданда жоқ. Тау беткейлерінің сайлы жерлерінде кішірек бұлақтарды кездестіруге болады.

(Жалғасы 8-бетте)

## БІР ӘУЛЕТТІҢ ТАРИХЫ

Жалпы адамзат тарихынан біздің қазақ ұлтының тарихын бөліп жарып қарау мүмкін емес дүние. Себебі, ұлттық қалыптасу үрдісі көптеген дәуірлерге, ғасырларға ұласты. Қаз дауысты Қазыбек бабамыз айтқандай: «Біз Қазақ деген, мал баққан елміз, Ешкімге соқтықпай жәй жатқан елміз! Досымызды сақтай білген елміз, Дәмі-тұзын ақтай білген елміз!...» деген жүрт едік...!

Амал нешік, Шығыстан қытай, Батыстан орыс империялары қаскөйлікпен елімізге, жерімізге басып кірді. Олардың санасын ұлап, күндіз күлкісінен, түнде ұйқысынан айырған нәрсе – қазақ елінің, жерінің ұшан-теңіз байлығы еді. Сөйтіп, елі дархан келді, бай қалың қазақтың басына қара бұлт үйірілген зар заман келеді. Еңбектеген баладан, азуын айға білеген хандарына дейін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрден аттамаған, адамды айуандықпен азаптайтын түрме, зынданы болмаған, үйіне құлпы салып көрмеген, батырлықты пір тұтып, шешендікті ту еткен, жомарттықты жанына жалау еткен арда қазақтың басына тозақ оты орнады. Өз атамекені үшін қару алып атқа қонған батыр оғландары атылды, асылды, небір елім деген ерлері итжеккенге айдалды. Патшалық Ресей, одан қалды қандықол Кеңестік қызыл империя асқақ рухты қазақ елін, асты-үсті байлыққа тұнған қасиетті жерін аяусыз талан-таражға салды. Ол аз десеңіз қолдан жасалған ашаршылық пен шекара асқан босқыншылыққа ұрынды.

Сайын далада қазақтың ақсөңке сүйегі көмусіз шашылып жатты. Жансауғалап қаңғып келген келімсектер билік құрып, ұлттық қасиет, киенен, ата-баба дәстүрінен, руханияттан, тарихымыздан жұрдай болып тоналдық.

Мінекей, осынау үш ғасырға созылған зұлматтан аман қалған қазақ бірде-бір жанұя жоқ. Және де осынау ұлттық қасіреттің сүйекті сырқыратар зардаптары туралы қолына қалам ұстаған алдыңғы толқын ағалар, замандастарымыз шегіне жеткізе жазды-ау.

(Жалғасы 7-бетте)

**28 қаңтарда Қасым-Жомарт Тоқаев «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XXI съезіне бейнебайланыс режимінде қатысты. Сондай-ақ жиынға Тұңғыш Президент – Елбасы, Президент Әкімшілігінің басшылығы, партияның Саяси кеңесінің мүшелері қатысты. Отырысты партия Төрағасының бірінші орынбасары жүргізді.**

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзінен және дауыс беру рәсімінен кейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты «Nur Otan» партиясының Төрағалығына сайлау туралы Съезд қаулысы қабылданды. Содан кейін Мемлекет басшысы жиынға қатысушылар алдында сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев партияның жаңа кешбасшысы ретінде сөйлеген сөзінде партияны басқаруға ұсыныс жасағаны және қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдіріп, «Nur Otan» партиясына төрағалық ету аса жауапты жұмыс екенін атап өтті.

Президент халқымызды дүрбелеңге салған қаңтардың басындағы қайғылы оқиғалар туралы айта келе, ланкестер мен қылмыскерлерге тойтарыс беріп, мемлекетіміздің тұтастығын сақтап қалғанымызды мәлімдеді.

– Құзырлы органдар кінәлі адамдарды анықтап, жауапқа тарту үшін тергеу жүргізуде. Бұл жұмыс тек заң аясында жүзеге асырылатынына күмән болмауға тиіс. Бәрі Бас Прокуратураның және менің жеке бақылауымда болады. Адам құқығын міндетті түрде сақтаймыз. Бұдан былай мұндай қасіретке жол бермейміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қоғамдық құндылықтар жүйесіне, саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларға түбегейлі өзгеріс енгізу қажет екеніне назар аударды.

– Азаматтық қоғам институттарына зор міндет жүктеледі. Әсіресе, саяси партиялар айрықша рөл атқаруға тиіс. Соның ішінде біздің партиямыздың алатын орны ерекше. «Nur Otan» Қазақстанды нығайтуға бағытталған маңызды реформалардың

## «ӨТКЕНІН ҚАРАЛАҒАН ХАЛЫҚТЫҢ БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҢҒЫР»



Қазақстанның демографиялық ерекшелігіне және шекарасының шегенделмеуіне байланысты белгілі саясаткерлер мен саясаттанушылар елімізді ыдырап кетеді деп болжам жасаған болатын. Осындай қилы заман, тарихи кезеңде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мемлекет құру жөніндегі күрделі миссияны өз мойнына алды. Бұл, шын мәнінде, өте ауыр міндет еді, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасының нарықтық экономиканы қалыптастыруға, жан-жақты реформаларды жүзеге асыруға, Тәуелсіздіктің елеулі алаң кезінде әлеуметтік-экономикалық сипаттағы көптеген проблеманы шешуге қосқан үлесін еске салды. Сондай-ақ мемлекеттік шекараны рәсімдеуге, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, еліміздің геосаяси тұғырын нығайтуға және астананы көшіру ісіне сіңірген зор еңбегін атап өтті.

– Ол Американың бес президентімен, кеңестік және ресейлік бес басшымен,

өздерінің басшыларын кемшіліктерден жоғары қойды. Жұмыс істемейтін адам ғана қателеспейді деген сөз бұрыннан белгілі. Сондықтан Тұңғыш Президенттің тиісті тарихи өңбегіне лайықты бағасын берейік. Ал кеткен қателіктер, еліміздің келешек басшыларына сабақ болсын. Мемлекетіміздің болашағы тұрғысынан алғанда бұның дұрыс болатынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы өз сөзінде «қасіретті қаңтар» оқиғасының Тәуелсіздік алған жылдардағы ең ауыр сынақ болғанын атап өтті. Президент қоғамның кемелдігі мен мемлекеттің күшеюін сынап көруге арналған емтиханды сәтті тапсырғанымызды айтты. Осы ретте Президент бұл оқиғалардың барлық себеп-салдарын терең талдап, тиісті сабақ алу қажет деп санайды.

– Еліміз дамудың өте күрделі кезеңіне аяқ басқанын түсіне отырып, «Nur Otan» партиясын басқару ұсынысын ризашылықпен қабылдаймын. Бұл шешім партияны трансформациялау және бүкіл қоғамды ұйыстыру жұмыстарына кірісуге дайындықты білдіреді. Осы ретте мен Мемлекет басшысы ретінде ашық және әділ саяси бәсекелестік болатынына кепілдік беремін. Менің конституциялық міндетім – барлық билік тармағының келісілген іс-әрекетін және мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету. Әрине, бұл жағдайлар Президенттің кез келген партия мен қозғалыстардың қызметінен белгілі бір дәрежеде алшақтауға талап етеді. Сондықтан біраз уақыттан кейін, бәлкім осы жылдың ішінде, «Nur Otan» партиясына одан әрі төрағалық етуімнің орындылығы туралы мәселеге қайта ораламыз. Мемлекет басшысының тең қашықтықтағы мәртебесі саяси реформалардың ауқымды топтамасында біржола бекітілуі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент елімізді жан-жақты жаңғырту үшін ұсынылған ауқымды мәселені еске салды. Оның пікірінше, «Nur Otan» реформаларды жүзеге асыруға белсене атсалысуға, Қазақстанды қарқынды түрде қайта құрудың және жаңартудың негізгі қозғаушы күші ретінде әрекет етуге тиіс.

– Бұл үшін «Nur Otan» өзін-өзі жаңартуы керек. Партияның бүкіл жұмысын сөз жүзінде ғана емес, түбегейлі қайта құру қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы партия мүшелерін төмендегі басымдықтарға баса мән беруге шақырды.

Президент партия ішіндегі ынтымақты нығайтуды, қоғамдағы барлық конструктивті күшті біріктіруді бірінші міндет ретінде атады. Оның айтуынша, Жаңа Қазақстанды құру үшін ауызбіршіліктің, серіктестіктің, нық ұстаным мен болашаққа сенімнің маңызы зор.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, партия мемлекеттік органдардың жұмысын қайталамауы керек. Президент «Nur Otan» партиясы негізінен идеологиялық және кадрлық жұмыстармен

айналысып, қажет жағдайда мемлекеттік аппараттың жұмысына жол сілтеп отыруы керек екеніне назар аударды.

– Партияның өміршеңдігі сайлауалды уәделердің қаншалықты орындалатынына байланысты екенін түсіну керек. Менің ойымша, шындыққа жанаспайтын және орындалмайтын уәде бермеген абзал. «Арық айтып, семіз шыққан» жөн. Ақиқатқа тура қарау қажет. Сондықтан партия Үкіметпен және әкімдіктермен бірлесе отырып, сайлау алдындағы уәделердің орындалуын түбегейлі қадағалауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент партияның ұйымдық құрылымын қайта қарауды, атап айтқанда, бірінші орынбасар лауазымын атқарушы хатшы қызметімен алмастыруды, сондай-ақ тиісті бағыттар бойынша басқа да хатшылардың лауазымдарын қайта қарастыруды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық кеңестердің қазіргі жоспарларын, олардың жеке құрамдарын қоса алғанда түбегейлі жаңартуға, басқа партиялар мен қоғамдық бірлестіктермен арадағы ынтымақтастықты жолға қоюға шақырды.

Президент Мәжілістегі партияның фракциясын қайта қарау, партия мүшелерінің өңірлердегі өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге атсалысуын күшейту, қоғамдық қабылдаулар қызметін жандандыру, партияның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі стратегиясын жаңа мазмұнда толықтыру, партия құрамындағы толып жатқан тиянақсыз, табансыз, мансапқұмар тұлғаларды орындарынан алу, сондай-ақ партияның «Jas Otan» жасар қанатының жұмысын сапалы түрде күшейту қажет деп санайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қорының қызметіне арнайы тоқталды. Қорға ақшалай үлес қосқан кәсіпкерлерге ризашылығын білдірді. Сонымен қатар олигополианың бір бөлігі, тіпті соның дәл өзі болып табылатын бизнестегі кейбір белгілі тұлғалардың Президент бастамашы болған қайырымдылық акциясына қатысуға асықпайтындарын атап өтті.

– Бұны қалай түсінуге болады? Сараңдық па, нигилизм бе, салғырттық па әлде менсінбеу ме? Қалай болғанда да, бұл сұрақтың жауабын алуға мемлекеттің құзыреті жетеді. Ірі бизнес тарапынан жасалатын қайырымдылық үдерісін реттейтін арнаулы Жарлық шығаруды жоспарлап отырмын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында Президент қызметінде болсын және партия жұмысында болсын ел мүддесіне берік болу қағидатын ұстанатынын жеткізді.

– «Nur Otan» – еліміздің негізгі саяси күші. Сондықтан Қазақстанның болашағы үшін, ең алдымен, біздің партиямыз жауапты. Әрқайсымыз осы жауапкершілікті терең сезініп, жұмыс істеуіміз қажет. Шын мәнінде, «Nur Otan» мемлекетшілдер партиясы болуы керек. Ұйым мүшелері мемлекет мүддесін бәрінен биік қоюға тиіс, – деді партия Төрағасы.



бастауында болып, түрлі салада нақты жетістікке жетуімізге елеулі үлесін қосты, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Елбасының жеке басына қатысты ел ішінде тарап жатқан түрлі жағымсыз әңгімелерге түсіндірме берді.

– Тұңғыш Президентіміз елімізді іргесі берік мемлекетке айналдыру үшін зор еңбек сіңірді. Ол Отанымыздың және әлем тарихында Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған тұлға ретінде қалатыны сөзсіз. Елбасының 30 жылда ел мүддесі үшін атқарған жұмысын жоққа шығаруға болмайды. Бұл – тарихқа қиянат жасау деген сөз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан халқы Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғасына баға берген кезде тарихи деректерге шынайы түрде сүйенуі қажет.

– Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев отандық және әлемдік жылнамада Қазақстан Республикасының негізін қалаушы деген атпен қалады. 90-шы жылдардың басында

Қытайдың бірқатар төрағаларымен және басқа да көптеген мемлекеттің басшыларымен, сондай-ақ БҰҰ-ның төрт бас хатшысымен жұмыс істеді. Әлемдік қоғамдастықта оны жаһандық ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы деп атайды. Сонымен қатар Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның барлық экономикалық көрсеткіш бойынша Орталық Азия кеңістігінде алдыңғы орынға шыққанын ұмытпауымыз керек. Сондықтан Тұңғыш Президенттің тарихи еңбегін ұмытпайық. Түптеп келгенде, шынайы әрі әділ болған жөн. Өткенін қаралаған халықтың болашағы бұлыңғыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ел басқару ісінде жіберілетін кемшіліктер туралы айта келе, қателіктерге Американың да, Қытайдың да басшылары, тіпті Сингапурдың алғашқы Премьер-министрі Ли Куан Ю да бой алдырды деген пікір білдірді.

– Бірақ Сингапурдың да, АҚШ-тың да, Қытайдың да халықтары және басқарушы топтары күршілігі күрметтен ажырата біліп,

(Басы 1-бетте)

## ЖАРКЕНТ ТҮРМЕСІ – ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАРДЫҢ КУӘСІ



Ақжасық ауылынан 1929 жылдардан бастап «халық жауы» деп құдалауға түскен, тұтқындалып істі болған ел азаматтарының аты-жөнін келтіреді. Зұлмат алақандай ауылдың арыстай алты азаматын айналдырып алып кетіпті. Олар: «1.Имадиев Нүсіпқожа – Ақжасық колхозының төрағасы; 2.Кегенбаев Нүптебай; 3.Жайлаубаев Мұқа – колхоздың бас бухгалтері; 4.Айтуов Жаңабек – колхоздың орталық қоймасының бастығы; 5.Шәкіров Қожақан – 1 бөлімшенің бригадирі; 6.Тышарбаев Айып – колхоздың тексеру комиссиясының бастығы. Жоғарыдағы аталғандардың барлығына «колхоздың мал-мүлкін талан-таражға салған» деп айып тағылды делінген.

Бойларындағы бар күш-жігерін елінің жарқын күндеріне арнап еңбек етіп жүрген ұлтжанды азаматтарды қаралап, түрмеге жауып, қиянаттап айдап ауыр азапқа ұрындарған келеңсіз Кеңестік қызыл саясат еді. Ауыл азаматтарымен, құғынға ұшыраған жақсылардың ұрпақтарымен сөйлескенімде тұтқындалған азаматтардың бәрі де сол баяғы аждаһаның апаны саналатын Жаркент түрмесіне тоғытылып, жазаға кесіліп, өлімге айдалып отырған. Ел ауыртпалығын көтерген, жазықсыз жала жабылып құғын-сүргінге ұшыраған ағайындарын ардақтаған ауыл жұртшылығы 2005 жылы ескерткіш орнатып, игі істі ел-жұртқа паш етті. Артында ұмытпайтын ұрпақтары барына шүкіршілік етесін.

Шекара түбіндегі Басғұншы ауылы да бұл зобалаңнан орасан зор азап шеккен. Есептеп көрсек 1930-шы жылдарда жеке ауылдық Кеңес болған. Тұрғын халқының саны сол жылдары шамамен мыңнан астам болуы мүмкін. Үрейлі 1930-шы жылдардан 1951 жылдарға дейін ауылдан 58 азамат қысқартып айтқанда «халық жауы» деп қараланып ұсталып, алды 3, 7 жылдан 10, 25 жылға дейін сотталған, кейбіріне ату үкімі шығарылған. Қазақтармен қатар ұйғыр, орыстар, украиндықтар да бар. Аткарып жүрген кәсіптеріне қарасаңыз өкіметке ешқандай қауіп-қатер келтіретін адамдар емес. Шаруашылықтың әр саласында адал еңбек етіп жүрген қарапайым қатардағы малшы, колхозшы, бухгалтер, жұмысшы, тігінші, қызылөскер, т.б. мамандық иелері. Қылыш көтерген соң басты шабу керек деген түсінікпен жазалай берген. Бастапқы жылдары төңкерістен кейін құрылған ГПУ үкім кесіп отырса, содан кейін Алматы облыстық УНКВД үштігі, тіпті Алматы облыстық соттың көшпелі сессиясы да үкім шығарып, адамдарға жаза мерзімін белгілеп отырған. Қара халықтың басына төнген зұлматқа заң жолымен араша түсетін мекемелер, органдар болмағандығы осыдан көрінеді. Қазақ жерінің кез-келген бұрышынан қауіптеніп, ел ішінен жау іздеу, оны дер кезінде тұншықтырып отыратын отаршыл патша өкіметінің саясатын жалғастырушы Сталин басқарған қызылдар өкіметінің лаңы осы болды.

Жоғарыда айтқан аяулы азаматтардың бәрі өмірге құштар жандар еді, елдің әлеуметтік дамуына аянтырлықтай үлес қосып, жақсы келешекті аңсады. Дегенмен де олар жетпеген еркін тыныстайтын заманға ұрпақтары жетіп отыр. Жаппай жазалаудың кесірінен құрбан болған азаматтарды ұмытпаған ауылдастары 2010-2018 жылдардың аралығында құғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың есімдерін іздестіріп, облыстық архивтен алып, жинастырып, Басғұншы ауылының

ортасындағы паркке ескерткіш тақталар орнатты. Жазықсыз құғындалған 58 адамның есімі ел жадынан ұмытылмастай болып орын алып, мәңгілікке жазбада қалдырылды. Өртүрлі дерек көздерін тауып, әр саладан мағлұматтар алып, облыстық архивпен жұмыс істеп, құғын-сүргін құрбандарының аты-жөнін анықтауда еңбек сіңіріп, ел рахметін алған ауылдың тумалары Хамза Еспенбетовке, көптеген мәліметтер жинаған Виктор Николаевич Лисицаға жұрт ризалығын білдірді.

Мақаламыздың басындағы негізгі айтпақ ойымыз Жаркент жеріндегі алғашқы абақтының салынуы, күштеп қазақ жерін басып алған патша өкіметінің елдің суқанын алатын алғашқы жазалау орнының тарихы. Жаулаушыларға қарсы



оймақтай болса да ойлы-қырлы жер үшін, бодандыққа түскен елі үшін белін бекем буып күреске шыққан нағыз ұлтжанды азаматтардың тарихы. Қазақ мақалды текке шығармайды. «Ат жақсысы кермеде, жігіт жақсысы түрмеде» десе ұзақ жылдар бойы жат жұрттық басқыншылармен үздіксіз алысқан кездерге, дәл сол заманға лайықтап шығарылып айтылған. Әрине, Жаркент түрмесінің орналасқан жерін, қабырғаларын құрап тұрған қарағайларға кінә арта алмаймыз. Бар мәселе оның жүз жылдам астам уақыт адамдардың көңіліне қорқыныш ұялататын, белгісіз бір үрей билейтін мекенге айналдыруда. Бірақ кезінде білместікпен педагогикалық оқу орнының жағажанасына айналдырып, болашақ ұрпақтың жетекшілерімен ұстаздарды да жаңылдырық.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Еуропа елдеріндегі гитлерлік фашистердің салған концлагерлеріндегі адамзат баласына жасаған жауыздығы жантүршігерлік. Гитлершілдер басып алған елдерден айдап әкелінген миллиондаған бейбіт тұрғындармен, жаулаған елдеріндегі қолға түскен әскери тұтқындарды азаптап, газ камераларында тұншықтырып улап өлтіріп, сүйектерін жағып, адам күлімен егіс далаларын тыңайтқаны белгілі. Көпке бармай-ақ бір жыл бойы қылмыскерлердің ісін қараған халықаралық соттың жүргізген «Нюрнберг процесінің материалдарын» айтсақ та жеткілікті. Келешек ұрпақ бұдан сабақ алысын, адам баласына қарсы жүргізілген зұлмыдық істерден халықты хабардар етіп тұру мақсатында

Бухенвальд, Заксенхаузен, Освенцим, Дахау концлагерлері сол жылдардың белгісі ретінде музейге айналдырылды.

20-шы ғасырдағы қазақ халқының басына түскен ең қайғылы тұстары жаппай саяси құғын-сүргінге түскен жылдарда Қазақстан аумағында құрылған лагерлерде 5 млн. астам адам отырған. Еңбекпен тәрбиелеу лагерлерінің ең көп шоғырланған жері Қарағанды облысының аумағы. Осы жердегі Долинка поселкесінде саяси құғын-сүргін құрбандарына арналып естелік музей жасалынған. Құрбан болған жандардың бас бостандығынан айырылған жандардың басынан өткізген барлық азаптаулары мен көрген қиыншылықтары көрсетілген құжаттары сақтаулы. Мұндай естелік музейлер еліміздің басқа өңірлерінде де ашылған. Ал, бізде ше? Тәуелсіздік алдық, ең басты байлығымыз осы. Өз еркіндігімізбен өмір сүріп жатырмыз. Содан бері 30 жыл өтіпті. Басқасын қойғанда өткенімізді ескеріп, кешегі Кеңестік өкіметтің келеңсіз саясатының кесірінен халқымыз көрген жаппай құғын-сүргінмен ашаршылыққа текке қырылған ата-бабаларымыздың аруағын қасиеттеп еске алатын музей ретінде баратын Жаркент түрмесін қалпына келтіруге болатын шығар?

Осы мәселе көтерілгені бері көп жылдың жүзі болды. Былтырғы жылы арнайы мақсатпен мамыр айының соңына таман келген «Хабар 24» телеарнасының тілшілері осы мақаланың авторынан, аудандық әкімдіктің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Т.Көшербаевтан, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Т.Керімқұловтан, Головацкий атындағы орта мектебінің директоры М.Туғанбаевтан, зейнеткер, ішкі істер қызметінің майоры С.Жұмаділов бар бәрімізден сұхбат алып, ол республика

Осы орайда жазықсыз жапа шеккен азаматтарын құрметтеп бүгінгі ұрпаққа аттарын анықтап беріп кейінгілерге үлгі еткен үлгі еткен Ақжасық ауылының тұрғындарына ризашылық білдіріп атап кетуімізге болады. 2008 жылы Алматы қаласынан басылып шыққан «Ауылым – Ақжасығым, ардақты елім...» атты жинақта (авт. Н.Ысқақов, Қ.Мәметқазыұлы)

жұртшылығына көрсетіліп еді. Жоғарыдағы көрсетілген мәселелерді сұхбат берушілердің барлығы көтерген болатын. Яғни, ескі түрме ғимаратына күрделі қаржы бөліп, тарихи-мәдени құндылығы бар нысан ретінде бағалап, музейге айналдыру туралы сөз қозғағанбыз. Қазіргі күндері Е.Сыпатаев атындағы көшенің бойындағы №180 үй ретінде тіркелген ғимарат апатты жағдайда тұр.

Осы мақала жазылардан төрт-бес күн бұрын ескі түрме ғимаратын тағы бір көріп қайттым. Қабырғалас салынған ескі үйдегі кісілер әлі ауыспапты. Көп жылдардан бері үйдің кезегінде тұрған Қабылбекова Ұлжалғас жасы 65-ке келіпті. Түрме ғимаратының да тоналып-таланып кетпей тұрғаны бір жағы осы кісілердің арқасы болуы керек. Кейбір мәлімет көздеріне қарағанда 2008 жылдан бастап консервацияда тұрған ғимарат иесіз мүлік ретінде есепке қойылған. Республикалық «Хабар 24» телеарнасынан жұртшылыққа көрсетілген тілшілердің бізбен жүргізген сұхбатынан аудандағы, облыстағы әкімдіктегі осы салаға жауапты лауазымды тұлғаларда хабардар деп білемін. Олай болса мақалаға арқау болған Жаркент түрмесінің бұдан кейінгі жайы қалай болмақ?

Ендігі жауапты жоғарғы мемлекеттік органдардан күтеміз.

**Молот СОЛТАНАЕВ,**  
«Жаркент айнасы»  
газетінің Бас редакторы.

(Басы 1-бетте)

## КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ ЕҢ СОҢҒЫ ИМПЕРИЯСЫ ҚАЛАЙ ЖОЙЫЛДЫ?

1209 ойрат Құлұқа бек Жошының әскерлеріне бағынады. Деректерде түмен түгін дегеніне қарағанда саны 50 мың айналасында болса керек. Юань империясындағы халықтар ішінде де Ойраттар аталады. Моғұл (Моңғол) империясы өз ішінен бөлшектене бастаған кезде ойраттар күшейе бастайды. Юань хандығы мен Үгедай, Шағатай хандықтарының арасындағы 40 жылға созылған соғыстың нәтижесінде моғұлдардың Орхоннан батысқа қарайғы тобы Алтайдан асып, 1300 жылдары Алтай-Тәңіртау арасы мен Баркөл-Шуға дейінгі алапта «Моғұлстанды» құрады. Моғұлдардан босап қалған батыс Моңғолияға ойраттар ие болады да саны тез өсіп 1360 жылдары 200 мың адамнан асып үлкен күшке айналады. Моғұлстандық моғұлдар Батыс Моңғолияны «Қалмақ жері» деп атай бастайды. 1368 жылы Юань империясы құлап, 100 мыңнан аса моңғолдың Моңғол сахарасына қайтуы ойраттармен болған қақтығысты күшейтті.

1399 жылы Ойрат бегі Үгіш Қашқа Шығыс Моңғолдың Елібек ханын өлтіріп орынына Кентемірді отырғызады. 1414 жылы ойрат әскерлері Миң Қытай әскерлерімен соғысады. Ал, Моғұлстан ханы Уэйіс ойраттармен 61 рет соғысып тек бір ретінде ғана жеңген екен. Уэйіс ойрат бегіне қарындасын ұзатады, одан Махмұт туады. Махмұт 1412 жылы Шығыс Моңғолды жеңіп, ханы Бенашылды өлтіреді. 1416 жылы Махмұт асуд тайпасының (Асуттар шығысқа кеткен аландар) ханы Алухайынан жеңіліп соғыста өледі де, орынына ұлы Тоған отырады. Тоған 1434 жылы асуттарды ойсырата жеңіп, Алухайынды өлтіреді. Тогобұқаны хан тағына отырғызып, өзі хан әулетінің қызын алып уәзірі болады, шын мәнісінде барлық билікті өз қолында ұстайды.

Тоғанның ұлы Есеннің тұсында ойраттар шығыста жүржандар (Шүршіт) мен корейлерді бағындырады; батысы Құмылға, Алтай тауына, шығысы Жапон теңізіне тірелетін, солтүстігі Байкал көліне, оңтүстігі Қытай қорғанына тұтасатын Моғұл империясының кейінгі «Ойрат империясын» құрып шығады. 1449 жылы Есен ойраттарды бастап Миң империясының астанасы Пекинді қоршайды, 500 мың Қытай әскерін 30 мың ойрат қолы тас-талқан етіп жеңіп, Миң патшасын тұтқындап масқара келісімдерге қол қойғызады. 1428 жылы ойраттар батыста Сығанақ бойында Әбілқайыр хан әскерлерін жеңіп, оны да теңсіз бітімдерге мақұл етеді. 1469 жылы Моғұлстан ханы Жүніс те ойраттардан ойсырай жеңіледі.

1490 жылдары Ойрат империясы қайта әлсіреп, Құбылай ұрпағы Батмөңке даян хан ойраттарды ойсырата жеңеді. Осымен бір уақытта Моғұлстандағы Сұлтан Ахмет хан да ойраттарға қарата бірқатар жеңісті соғыстар жасайды. Тарихта ол ойраттарға танытқан қаталдығы үшін «Алаша хан» (Қанішер хан) атанған болатын. 1505 жылғы жойқын соғыстарда қалқа мен цахардың біріккен күшінен жеңіліс тапқан ойраттар Моңғолиядан ығыстырылады. Олар Алтай асып Моғұлстан жұртының жайылымына таласады. Таласты соғыстарда моғұл тайпаларын жеңіп батысқа қуады. Моғұл тайпаларынан 400-500 мың халық 1507-1508 жылдары шығыстағы ұлан-байтақ жайылымдарынан айырылып батысқа босып кетеді, бұлар кейін қазақ құрамына енеді. Бұған қоса Шайбани ханмен



Құба-қалмақ дәуірі. Фото: wikiwand

соғыстарда жеңілген Моғұлстанның күні бата бастайды. Қазақ хандығына кірген көршілес ұлыстардың ру-тайпалары арасында ең көбі де Моғұлстан ру-тайпалары. Моғұлдардың шамамен 400 мың адамы Қасым ханға бағынғаннан кейін Қазақ хандығының халық саны миллионнан асып, әскері 300 мыңға жеткен болатын.

Осылайша ойраттың батыс шекарасы қазіргі Іле бойына дейін келеді. Бұдан Моғұлстанның Қазақ хандығын ұзақ жылдар бойы ойраттардың шабуылынан қорғап келгенін аңғаруға болады. Моғұлстанның ыдырап, ондағы көшпелі тайпалардың қазақтарға қосылуына және Шағатай әулетінің тек Қашқарияға ғана ие болып қалуына ойраттар тікелей әсер етті. Моғұлстанды күйретіп жерін жаулап алған да ойраттар деуге болады. Ал оның белсенді жағы болса моғұл көшпенділері қазақтарға қосылып көбі Ұлы жүзді (Дулат, Қанлы, Жалайыр т.б), бірқатары Орта жүзді (Абақ керей) құрап, Қазақ хандығының әлеуетін көтерді.

**Екінші Ойрат-Жоңғар империясы**  
**1. Еділ Қалмақтарының хандығы**  
1520-1620 жылдары ойраттардың шығыста қалқа-цахармен, батыста Қазақ ордасымен соғысы бір сәт толастамады. Қазақ ордасы тарихындағы ең күдіретті хан Тәуекен ханның тұсында, яғни, 1590 жылдары ойраттың торғауыт, дүрбіт тайпалары Қазақ ордасына бағынды. Есім ханның тұсында да ойраттармен теке-тірес соғыстар болып тұрды, бірақ бірлігінен айырылған ойраттар жеңіліс тауып отырды. 1600 жылдары Торғауыттың Хорорлық тәйшісі бастаған 50 мың торғауыт жасақтары (қалмақтар) Тарбағатайдан айрылып батысқа көшеді. Олар қазіргі Павлодар, Ақмола облыстарын бір мезет мекендейді. Мәшқұр Жүсіптің айтуынша: «Қазақтан бұрын Сарыарқаны қалмақтар бір мезет жайлаған, қалмақтан қалған молаларды да

кездестіруге болады», – дейді. Десе де жер иесі қазақпен қақтығыс толастамай олар Сарыарқаны еңдей өтіп 1635 жылдары Еділге жетіп тоқтайды да, ноғайларды ойсырата шауып, батысқа қуады.

Қазақтың «Қыз Жібек» жырында қалмақтардың Кіші жүз жерінен өткендегі соғыстарының көрінісі бейнеленгені белгілі, айталық, қазақтар мен қалмақ Хореннің соғысы. Ал, ноғай-қалмақ соғысы «Ер тарғын», «Қамбар» жырларында көрініс тапқан. Бұл аталған жырларда шапқыншы қалмақтардан жерінен айырылып зардап шеккен ноғайлардың зары айтылады. «Қамбар» жырында: «Шатырын тігіп шандатып, Ноғайлының сазында сіз де отырсыз көсіліп. Айылыңды жимайсың, аяғыңды көсіліп... елшіге бейнет барма екен, орынсыз маған асылды, Әлін білмей Ноғайлар, келтірді қатты ашуды...» деген жыр жолдары қалмақтардың үстем болғанын көрсетеді. Ш.Уәлиханов өз деректерінде (1850 жылдар): «Іледегі қалмақтардың ноғайды шапқан жырлары мақтанышпен айтылады», – дейді. Әбілғазының айтуынша ол Маңғыстауда қалмақтарға барады, Хиуаны неше мәрте қалмақтардың шапқанын айтады, бұған қарағанда Жиделі-Байсындағы қоңыраттың қаһарманы «Алпамыс» жыры да осы қалмақтармен болған соғысты тарихи артқы көрніс деуге болады.

Міне бұларға қарасақ, Қалмақ территориясы Маңғыстау, Атырау, Орынбор, Орал, Астрахан оған қоса Кавказға дейін жеткен. Бар-жоғы 300 мыңға жетер-жетпес қалмақтар өз тұсында осыншалық жауынгерлік танытады. Шығыста қазақтармен де үнемі қырқысумен өтеді. 1725-1731 жылдары Кіші жүздің Әбілқайыр ханы олармен неше мәрте шайқасады, атакты «Қалмақ қырылған» шайқасы Жоңғарлармен емес, Еділ Қалмағымен болған еді. Қостанай жеріндегі Батыр Баян да осы батыстағы қалмақтармен соғысады. Қазақ тарих зерттеу танымында шығыстағы Жоңғар негізгі тақырып болған да, Кіші жүз бен Орта жүздің батыс руларының қалмаққа қарсы соғыстары көп айтылмай келеді. Жауынгер Қалмақтар кейінгі кезде Ресей бодандығын қабылдады, орыс патшалары қалмақты Османалы империясына қарсы айдап салып отырды. Қалмақтың жау жүрек 70-80 мың сарбазы ұрыс даласында қаза болды. Ал, осы соғыстан кейін Қалмақтар ішіне ішкі Ресейден қара шекпенділері көшіріліп, шоқындыру басталады, бұдан қашқан Қалмақтар 1770 жылы Ұбаштың бастауында Жоңғарияға қаша көшеді. Бұл қазақ тарихында «Шаңды жорық» деген атпен қалған. 180 мың қалмақтан Жоңғарияға 60 мыңнан аса қалмақ жеткен.

Ресей империясының сахараны жаулау саясатына, өз тұсында Қазақ хандығы мен орыс арасында тұрған ноғайлар уақыттық қалқан болып тұрды. Ал, шығыстан жорық жасап келген қалмақтар олардан да басым түсіп, орыс армиясын бет келтірмей тұрды. Қазақ ордасының құрамындағы батыстағы ру-тайпалар қалмақтардан зардап шекті. Дей тұрғанмен қалмақтар Ресейдің қазақ даласына жасалуы мүмкін отарлық қадамдарын кемінде жарты ғасырдан астам уақыт кері шегіндірді.

### 2. Жоңғар Империясы

1620 жылы Ойраттың чорос тайпасының тәйшісі Қарақұлай чоростарды бір ту астына топтап қалқа-цахардың Алтан ханымен соғысты. 1623 жылы Алтан ханды жеңді және Абақан, Енисей, Алтай-Саяндағы қырғыз, хакас, тыба (тыва), алтай, ұранқайларды түгел бағындырды. 1629 жылы хошоуыт тайпасының Гүш ханын жеңіп хошоуыттарды Тәңіртау алабынан Тибет жеріне кетуге мәжбүр етті. Осылайша Қарақұлай шығысы Баркөлден батысы Іле бойы, солтүстігі Енисейге дейінгі алапты толық қарамағына алып, ойраттың дүрбіт және хойт тайпалары оған тізе бүкті. Қарақұлайдан кейін Батұр қонтайшысы билікке келді, 1640 жылы Батұр «Ойрат заңын» орнатып, Тибеттен Лама ағымындағы буддизмді жалпыластырды.

1635-1652 жылдары Ойрат пен Қазақ хандығы арасында үш ірі соғыс болды. Бұның бірі әйгілі «Орбұлақ шайқасы» еді. Онда 600 әскерін от қарумен қаруландырған Жәңгір хан 50 мыңнан аса Жоңғар қолын жеңіп шығады. Батұр қонтайшыдан кейін оның орынына ұлы Сеңге отырады, бірақ тақ таласында Сеңге өліп, оның орынына Тибетте дін үйреніп жүрген інісі Галдан Бочигит (Тибетше есім) отырады. Галданның таққа отыруымен Жоңғар империясының жаңа дәуірі басталады.

### Жоңғар-Манжур (Маньчжур) соғысы

Манжурлардың арғы тегі – Шүржендер (Шүршіттер). Шүржендер солтүстік шығыс Қытайда мекендейтін Тұңғыс текті балықшы-аңшы тайпалар болатын. X-XI ғасырларда олар қиданардың басқаруында болды, кейін Шүржен көсемі Онгин апаге Шүржендерді бірлікке келтірді де, Қиданарға қарсы соғысты. 1125 жылы Қидан империясын құлатып, оның орынына шүржендердің «Алтан патшалығын» құрып шықты. Олар оңтүстіктегі Қытай патшалығы Сүн империясын жеңіп, территориясының тең жартысын басып алды. 1211 жылға дейін Моңғолияны сырттай иемденді,





1211-1216 жылдары Шыңғыс қағанның 100 мың әскері 400 мың Шүржен әскерін түгелдей қырғынға ұшыратты, осыдан бастап шүршіттің күні бата бастады. 1234 жылы Үгедай қаған Шүржен патшалығын бір жолата жойып 48 миллион адамды қырғындаған. Шүржендер осыдан тартып 1616 жылға дейін бас көтере алмады.

1616 жылы Нұрқаш Шүржендерді біріктірді де, «Алтан патшалығын» қайта құрды. Оңтүстікке жорықтарда Қытайдың Миң патшалығын жеңді. Оның ұлы Қонтайшы патшалық атын Цинь (тұнық деген мағынада), Шүржен атын Манжурға өзгертті. 1644 жылы шүржендер Қытайдың Миң патшалығын жойды да, арасы 20 жылда тұтас Қытайды басып алды. Бұл соғыстарда кемінде 30 миллионнан аса қытай қырылды. Манжурлер 1636 жылы Құбылай ұрпақтарынан патшалық мөрді тартып алды. Осыдан бастап моңғолдардың Шығыс Азиядағы патшалығы толық жойылды. Халқа мен цахарлар манжурларға бағынып олардың ең тіректі әскери күшіне айналды. Осыдан кейін Жоңғар мен манжур арасында Моңғолия, Шығыс Түркістан және Тибет сынды үш стратегиялық аймаққа талас соғыстары басталды.

**Моңғолияға талас соғысы**

1670 жылы такқа отырған Галдан 1678 жылы Тибет дін басы V далайламадан «Бичигит хан» деген атақ алды. Екі жылдан кейін 12 мың ғана әскермен барып Қашқарияны бағындырды. Содан бастап Қашқарияның 600 мыңнан астам отырықты-егінші халқы Жоңғардың экономикалық тірегінің біріне айналды. Қашқарияны бағындыру 600-700 мың ғана халқы бар жоңғарларды мал бағу сынды шаруашылық істерінен қолын босатып, соғысқа жарамды ерлеріне түгелдей жорыққа шығуға мүмкіндік берді.

1680 жылғы соғыста Жоңғар Қазақ хандығын жеңіп Сайрам қаласын қиратты да, батыс шекарасын Шуға дейін кеңейтті және қырғыздарды өзіне бағындырды. 1688 жылы Галданның қолы Орталық Моңғолиядағы қалқалардың Түчет ханын жеңіп оңтүстікке қуды. Сол жылы шілдеде Манжурлардың Арани бастаған 30 мың әскері Жоңғарлардан ойсырай жеңіліп, көбі қырылды. 1690 жылы Цинь империясының Каңши патшасы 200 мың әскермен Жоңғарға

қарсы жорыққа шықты. Себебі, бұл тұста Жоңғар хандығы Моңғолияның жартысынан астам территориясын басып алып, Пекинге 350 шақырым жерге дейін жеткен. Манжурдың қосынына қалқа мен цахарлар да тартылды. Ұланпүдүнда болған соғыста бірнеше жүз ауыр зеңбірегі бар Цинь армиясына Галданның 30 мың атты жасағы төтеп бере алмады. Оның үстіне, қалқа мен цахар сынды моңғол тайпаларының атты жасақтары да көп болды.

1695 жылы Моңғолияға 30 мың жасақпен аттанған Галдан серенді Манжур қолы 80 мың Жаумодола күтіп алды. Осы кезде Жоңғар билеушілері арасында бүлік тудырған Севан Рабдан такқа отырып, Галданға жеткізілетін көмекті үзіп тастады. Цинь жасағымен соғыста Галдан серен жеңіліп, 1697 жылы құсадан өледі. Осылайша Жоңғар мен Цинь арасындағы Моңғолияға талас ұрыстары манжурлердің жеңісімен аяқталып, Моңғолия жері қалқаның билеуіне қалдырылды.

**Қазақ хандығын ыдыратқан соғыс**

Севан Рабдан билікті қолына алғаннан кейін бар назарын батысқа аударды да, 50 жылға созылған Қазақ-Жоңғар соғысы басталды. Сол соғыстардың бірінде 1718 жылы Әбілқайыр хан мен Қайып хан бастаған 30 мың қазақ әскері жоңғарлармен соғыста ойсырай жеңіліп қырылады. 1720 жылдардағы соғыс туралы Қожамқұлбек Балыхи: «Қонтайшы бір лек әскермен қырғыздарға аттанды, Қырғыздарда бір лекпен қарсы шықты, Жоңғарлар оларды жеңіп өздеріне бағындырды. Енді одан ары Қазақ жеріне аттанды, Қазақтар үш лекпен қарсы аттанды, екі жақ табандасып бір ай соғысты, ең соңында жеңіс самалы кәпірлер жағына шықты да, қазақтар екі лек әскері қырылып қалғаны қашты... Бұл жеңістен кейін Хиуа мен Бұқардың қарсыласуға шамасы келмеді. Қонтайшы да оларға «сендер жаққа менің әскерім сымайды» деді, осылайша олар бағынды», – деген.

Бұл 1720 соғыс тарихтағы «Ақтабан шұбырындыға» сәйкес келеді. Шәкерім Құдайбердіұлы бұл соғыстағы қазақ қолының шығыны туралы: «Қазақтар үш есеңні екеуінен айырды» деп жазған. Өзінен үш есе көп қазақтарға қарсы Жоңғар әскерінің жеңімпаз соғыс жасауы олардың от қаруларына тікелей байланысты. Тарихи деректерден жоңғарлар Швед офицері Ренатты

тұтқындағаннан кейін оған неше ондаған зеңбірек жасатқаны белгілі, сонымен қатар Орыс қамалдарынан от қаруды сатып алған, көнбесе тартып алған. Сол замандағы Мәуреннахр деректерінде «Қазақтар Мәуреннахр қалаларына толып кетті, тонаушылықпен айналысып Мәуреннахрды құртуға айналды» деген. Осы орайда 1724 жылы құрылған жаңа хандық – Қоқан хандығы қазақ-жоңғар соғысынан қашқан әскерлерге сүйене отырып құрылған болуы мүмкін деген болжам жасауға болады.

Бұл соғыстардан кейін Жоңғарияның батыс шекарасы Ауғанстанның Құндыз аймағына дейін жетіп, Орта Азияның басым көп аумағын, Тибет пен Шығыс Түркістанды және Сібір даласын қамтыған, территория аумағы 6 млн шаршы шақырымды құрайтын көшпенділердің ірі империясына айналды.

Ал, жоңғарлардан ауыр жеңілістен кейін Қазақ ордасы есін қайта жия алмай, біртіндеп ыдырауға қарай бет алды. Біртұтас билік жүргізетін ханы болмады және бір ханға бағынбады. Қазақ рулары өз-өз алдына тарта бастады. Бұл ыдырауды кейін Абылай хан да, оның немересі Кеңесары хан да біріктіре алмады. Шыңғыс ұрпағының билігі әлсіреп, керісінше әр рудың батырлары мен билерінің билігі күшейді. Бұндай үрдіс Өз-Тәуке ханның тұсында басталғанымен Жоңғар соғысынан кейін тіпті күшейді. Ру-тайпалар арасындағы баланс бұзылып, үлкен рулар кіші руларға тырнағын батырып, жайылымға таласты. Бұл жағдай Ресейдің қазақ даласын соғыссыз басып алуына жағдай жасады.

**Сібір даласына талас**

Сібірде орыстар Түмен бекінісін салуымен Жоңғария мен Ресей арасында Сібір даласына талас басталып кетті. 1606 жылы 200 от қарумен қаруланған Орыс әскері 600 Жоңғардан жеңіліп қашып кетті. 1649 жылы жоңғарлар Томскке шабуылдады. 1673 жылдарыда жоңғар-қырғыз жасақтары Сібір жеріндегі орыс қамалдарын өртеді. Серен Дондоптің он мың жасағы 2 мың орыс жасағын қырып салды... Жоңғар мен Ресей арасында

бірнеше рет жеңісті соғыс жүргізіп, қазақ жеріндегі Жоңғар қолының бетін қайтарды. Салыстыра қарағанда, Галдан Серен кезінде қазақ-жоңғар соғыстары Севан Рабдан кезінен аз болды. 1740-1742 жылдары Жоңғар қолы Сарыарқаға басып кіріп Абылай хан тұтқындалды. Қазақ хандығы уақытша жоңғарларға бағынды. 1745 жылы Галдан Серен өлді де Жоңғар хандығы ішінде билікке талас басталды. Севан Доржыны өлтіріп билік алмақ болған Лама Доржыға Әмірсана мен Дауачы қарсы шықты. Бұл жағдайдан сәтті пайдалана білген қазақтар 1755 жылға дейін бірқатар табысты жеңістерге жетіп отырды. 1755 жылы Әмірсана Манжур қолын бастап келіп Дауачыны ұстап берді. Бірақ, өзі де баянды билікке қол жеткізе алмай соңында манжурларға қарсы көтеріліске шықты, оның соңы 200 мың Цинь әскерінің жоңғарларға бағыттаған геноцид қырғынымен аяқталды. Цинь генералы Уй Юанның естелігінде: «Жоңғардың оннан екісі аштық пен аурудан қырылды, оннан бірі Ресейге қашты, оннан бірі қазақтарға кетті, қалғаны біздің жасақтар жағынан қырылды, мыңдаған шақырым аумақта бірде-бір жоңғар қалмады» деп жазған. Бір сөзбен айтқанда, Цинь империясының шапқыншылығына қарсы жоңғарлар соңына дейін шайқасып, тізе бүкпей қырылып кеткен. Осыдан бастап тұтас Шығыс Түркістан жері Цинь территориясына кірді.

**Сөз соңы**

Жоңғар бірнеше ғасыр бойы Қазақ хандығына қауіп төндірген жауы болып тұрғанымен Цинь империясының батысқа ірге кеңейтуін бір ғасырға дейін тоқтатып, манжурлердің Орта Азияға ықпал етуіне мүмкіндік бермеді. Қалмақтар мен Жоңғарлар Патшалық Ресейдің Тұран даласына жасаған экспанциясына да ең үлкен тосқауыл қойған күш болды. Жоңғар мен қалмақ ыдырағаннан кейін орыс патшалығының сахараға басқан адымы тездей түсті. Қазақ халқында «Жауың да ер болсын» деген тәмсіл сөз де дала заңына бағынап, досына адал, жауына қатал болған, көшпелі жауынгер жоңғарларға қаратылса керек. Жоңғар мен қалмақ



Жоңғардың жорық жолдары

үлкенді-кішілі осындай қақтығыстар болып тұрды. Әрі бұл қақтығыстар Жоңғар хандығы тарих сахнасынан кеткенше жалғасып отырды.

**Тибетке талас**

1716 жылы Севан Рабданның әскері Тибеттің орталығы Лхасаны басып алып, дүрбіт ханын өлтірді. Бұның соңынан Цинь империясының 200 жасағын түгелге жуық қырып салды. Алайда, 1720 жылы манжурлер Жоңғарға қарсы ауыр қол аттандырып, тибет даласын әрең тартып алды.

**Шығыс Түркістанға талас немесе Жоңғар геноциді**

1725 жылы Цинь жасақтары Шығыс Түркістанның шығыс қақпасы Баркөлді алды. Екі жақ Құмыл мен Тұрпанда да сан рет кескілескен ұрыс салды. 1727 жылы Севан Рабдан өліп оның орынына Галдан Серен таққа отырды. Галдан Серен тұсында қазақтар Жоңғарға қарата

жойылған соң жоңғар тайпаларының қалдықтары қалқа мен цахарға апарылды, қазір де қалқа мен цахар арасында дүрбіт, захчин, хойыт, хошоуыт хошұндары бар. Империя ыдырағаннан кейін қазақ құрамына кірген жоңғар рулары да жетерлік. Себебі, тарихи деректерде 600 мыңнан аса жоңғардың оннан бірі қазақ арасына кеткені анық айтылады. Сол тұстағы қазақ билеушілері Жоңғар империясы құлағаннан кейін территориясын тез арада кеңейтіп, бүгінгі қазақ территориясының қалыптасуына негіз қалады. Қырғыз бен алтай ішінде де жоңғардың қалдық рулары сақталған. Қазір әлемде 500 мыңнан астам ойрат тектілер өмір сүреді. Осылайша заманында сахараны дүбірге салған көшпенділердің ең соңғы империясы табаны тайған көшпелінің бағымен бірге тарих сахнасынан кетті.



# СҮЗГЕ ХАНЫМ

(тарихи дастан)

«Но на всей земле Сибирской  
Нет прекрасней Сузгуна...»  
(Орыс әнінен)

## Кіріспе

Еріксіз қаламымды қолға алдырған  
Талайдан мені бұл жай толғандырған.  
Естілер зердесіне тоқысын деп  
Ақын көп кейінгіге сөз қалдырған.

Санаммен сан ғасырды көктеп өтіп  
Мен де бір жыр бастайын төкпелетіп.  
Қоймады бұл оқиға жазбасыма  
Төрт жүз жыл бұдан бұрын кеткен өтіп.

Шын ерлік ешқашан да өлмек емес  
Ерлікті үлгі етпеген ел де ел емес.  
Кетпеді көз алдымнан Сүзге ханым  
Замана қатпарынан берген елес

Болса да талай ғасыр ілгеріде  
Дерегі жетті ол күннің бізге міне  
Ақжүніс, Құртқа, Жібек, Гүлбаршындар  
Атаймыз енді олармен СҮЗГЕНІ ДЕ!

Етіпті жанын құрбан ел дегенде  
Сүзгені хақым бар ма ер демеуге?

Жұртына қорған болған сол кезеңде  
Бар бойын кек пен намыс кернеген де.  
Қайыспас қайсарлығын жауды жеңген  
Қосайын дастан етіп мен де өлеңге  
Ендеше оқырманым сен де еленде!

\*\*\*

Сібірдің жері орманды байлық тұнған  
Ертеде Көшім онда хандық құрған.  
«Көңбесе жойындар!» деп сол хандықты  
Мәскеуден Иван патша Жарлық қылған.

Руське бағындыру түзде бәрін  
(Тарихтан мұндай Жарлық бізге мәлім)  
Болыпты хан Көшімнің жас әйелі  
Атанған асқан сұлу Сүзге ханым.

Кетсе де талай ғасыр, дәуір өтіп  
Білмейміз Сүзге жәйлі әлі жетік.  
Көрікті әрі қайсар жас ханымды  
Орыстар тамсаныпты аңыз етіп.

Көшімге Ермак тісін қайрап жүрген  
Жеңіліп іште кегі қайнап жүрген.  
Патшаның Жарлығы оған желеу болып  
Сібірге бастап кетті майдан бірден.

Атанған ел аузында «Қанды Жармак»  
Соғысты бейқам елге салды ұрандап.  
Ойрандап от қарумен қалың әскер  
Оқыстан Тобыл бойын алды жаулап.

Бейбіт елге осылай бүлік салды  
«Боратана халық» деп қырып салды.  
Лажы болмай Көшім хан аз қолымен  
Шегіне жүріп жауға ұрыс салды.

«Қолдайды деп, патша ағзам құптап бізді»  
Құтырған жау Көшімге қыспақ құрды.  
Тайпаластар бас бұғып қалса дағы  
Көшім бермей Іскерді ұстап тұрды.

Талап, тонап халықтың бар асылын  
Орнатты Ермак қасірет қара түнін.  
Бір күні бұйрық берді Грозаға  
Жаула деп «Сүзге Тура» қалашығын.

Сібірдің тандай қаққан қалың елі  
Бұл қала көздің жауын алып еді.  
Көшімнің жас ханым Сүзгеге арнап  
Атақты хас шеберлер салып еді.

Қаланың берік еді тас камалы  
Күзеткен әр бұрышта қақпалары  
Сарайы жас ханымның көз тартатын  
Алқызыл гүлдер жайнап бақшадағы.

Ешқашан Сүзге ханым тарықпаған  
Ешкімге салқын қабақ танытпаған  
Той-думан бейбіт күннің құшағында  
Шат көңіл жылдары өткен шалықтаған

Қай бір жау олжа көрсе қарап тұрар  
Салып талан-таражға талап тынар  
Қомағай құлқындары ашкөзденіп  
Лап қойды қалаға енді қарақшылар.

«Бұл жақта бас қайғы боп Көшім қалар  
Қаланы аламыз!» деп лепірді олар  
Шайқасты қалың жаумен Сүзге бастап  
Өліспей беріспеуге бекінді олар.

Гроза барлық күшін салса да бір  
Көрді ол көп әскердің қаусағанын.  
Қоршауда қалса дағы шаһар жұрты  
Ерлікпен айкасты олар қаншама күн!

Ұнатпай қайсар жұрттың тіресуін  
Басым жау одан бетер тұр өшігіп  
Қалаға сырттан көмек болмаған соң  
Барады азық-түлік түгесіліп.

Болса да Сүзге ханым қанша берік  
Қинады ауыр ойлар еңсені езіп  
Қан жұтты арып-ашқан жұртын ойлап  
Жау мынау құтырынған өршеленіп.

Іскер жақта болса да басым жауы  
Қырқысуда Көшім хан асыл жары  
Қарақшының тонауы аз болғандай  
Батты-ау, енді бұларды басынғаны

Жеңісіне мастанып, той қып әр күн  
Шалқып ішіп шарапқа тойды бәлкім  
Өктем сөйлеп, аз топқа қоршаудағы  
Жауыз Ермак былайша қойды шартын-

– Көңсең, алып қаламын бәрінді аман  
Көңбесеңдер, қайсақтар, әмір жаман!  
Өлтірмеймін ешкімді Сұлу Сүзге  
Өз еркімен сипатса тәнін маған!

Бұл сөзді естіп, намыстан оттай жана  
Сұлу Сүзге көз жасын төкті ойлана  
«Шаһарды алса қарақшы қырар бәрін»  
Деген оймен ол дағы көшті айлаға.

– Керек болсам, Жармакқа мен егер шын  
Жұртым түгел сиятын кеме берсін!  
Алысқа кеме жүзіп кеткеннен соң  
Атаман сарайыма келе берсін.

Келісті бұл шартты Ермак қабыл алып  
Күман жоқ орындар әмірі анық.  
Гроза тез жеткізген дәу кемеге  
Жайғасты шаһар жұрты бәрі барып.

– Уа, жұрттым, «Бұл қалай?» деп кінәлама  
Мен мәңгіге қаламын бұл арада!»  
Деп дауыстап, қоштасып Сүзге ханым  
Жалғыз шығып тұр еді Мұнараға.

– Азуына тап болмай жырындының  
Бүгінменен кетсе екен дүбірлі күн  
Ақ жол, ақ жол, сәт сапар!, – деді Ханым  
Кеме жаққа бір мұңмен бұрып жүзін.

Ғажап еді Ханымның сұлулығы  
Бейнелеп жеткізе алмас тілім мұны.  
Қос мөлдір жанарынан сезіледі  
Жұртына ыстық сезім, жылу нұры.

Толқынымен Ертістің жағаласып,  
Кеме кетті қалды әне жаға қашық.  
Кеме жүзіп барады сан ұрпақты  
Қырғынынан Ермактың ала қашып!

Кеме кетті жетелеп ілгері үміт  
Сырғи берді сағыммен бірге жүзіп.  
Ұзатып сап көзімен қимай-қимай  
Сүзге ханым қол бұлғап тұрды егіліп.

Кеме кетті көрінбей сонау маңнан  
Не күтіп тұр белгісіз оларды алдан.  
Бара жатты жалғасы келер күннің  
Шеңгелінен өлімнің аман қалған

Орындалды арманы, көшірді елді  
Жүк түскендей иықтан секілденді  
Бойын дереу жиып ап Сүзге ханым  
Өзі ойлаған бір іске бекінді енді.

Асыл, жақұт шығарып бар бұйымын  
Киініпті ол ерекше сәнді бүгін  
Ең жағымды сеуіпті иіссуын  
Қарсы алатын осылай ханды бұрын

Аққу мойын тотыдай таранды анық  
Тіпті ерекше құлпырып, ажарланып  
Мұнарадан төменге көз салып ед,  
Ішке еніпті Гроза жалаң қағып.

Алдына кеп тоқтады ол мұнараның  
Асықтырмай жөн көрді шыдағанын  
Өзі келер Сүзгенің деп ойлады  
Өйткені Ермак берді ғой сұрағанын.

Сақтап әлі тәкаппар өр мінезін  
Көкірегін буса да шерлі сезім  
Шолып тұрып маңайды жоғарыдан  
Сүзге ханым сөйледі соңғы сөзін:

– Қайран өмір басталып ең әнім боп  
Кеудемде әлі алаулап тұр жалынды от  
Сезімнен түл билік құрса айуандық  
Қауқарсыздық танытпасқа лажым жоқ!

Оқыс келер жауыздықты кім білген  
Бақ пен тақтың баянсызын білдім мен.  
Есек дәме ынтық болған тәнімнен  
Сасық Жармак үмітінді үз мүлдем.  
Сасық Жармак үмітінді үз мүлдем  
Жеңісінді тойлама сен бір күнмен.  
Бүгін жаншыр болсаңдағы қара тас  
Қара тасты жарып шығар ГҮЛМІН МЕН!  
Жеңісінді өлшеме сен бір күнмен!

Әскерінің көптігімен есірдің  
Сен алдандың бармақ шайнап өкінгін.  
Жаным барда сипатпасын тәнімді  
Тырнағынан садаға кет Көшімнің!  
Сен алдандың, бармақ шайнап, өкінгін  
Мен жұрттымды құтқардым да көшірдім.  
Мекен етіп мәңгі қалар сол жұрттым  
Жағасында Тобыл менен Есілдің!  
Сорлы, Жармак өкінгін!

Қызығыма куә болған мекенім,  
Бұл сұмдықты ойлап еді кеше кім?  
Еркелеткен елігі едім Ханымның  
Енді егілдім жасқа толып етегім!  
Хош, хош қимас мекенім!  
Хош, хош, менің асыл жарым, Арысым!  
Тек сендікпін, жаным пида жар үшін.  
Дархан ұл ең сен Сібірді жайнатқан  
Елің үшін арналды ғой бар ісін.  
Хош, хош, менің арысым!

Хош, хош менің ертегідей шаһарым  
Екеуімізге төкті жаулар қаһарын  
Біздерді ешкім ажырата алмайды  
Дәл төрінде сені құшып жатамын!  
Хош, хош, алтын шаһарым!  
Хош, хош халқым мен сынбаған  
НАМЫСПЫН!  
Хош, хош енді ЖАРЫҚ КҮН!

Соңғы сөзін аяқтап, сәл кідіріп  
Күбірлеп дұға оқыды, ол жүгініп  
Кенет қанжар жарқ етіп жүрек тұстан  
Құлай берді көздерін мәңгі жұмып.

Жетіп келді Гроза сезді нені?  
Жансыз жатқан Сүзгені көрді көзі.  
Ах ұрып ұнжырғысы түскен күйі  
«Өлсе де Сүзге бізді жеңді!» деді

Бұл жәйді Ермак та естіп, келді міне  
Бас ұрды «далалықтар» ерлігіне.  
Арулап қойдырыпты жер қойнына  
Басына орнатып тас белгіні де.

Дәлелдеп дінін мықты, тінін мықты  
Осылай қысқа ғана ғұмыр бітті.  
Сезімсіз жауыздықтың қор еткені-ай,  
Аялап қана өтер Сұлулықты!  
Жарға деген танытып адалдығын  
Нәзіктік жеңді бірақ зұлымдықты.

Озбыр жау талап, тонап бар мүлікті  
Қаланы қаңыраған қалдырыпты  
Өмірден озды Ермак та өшіп аты  
Ойрандап салса дағы сан бүлікті.  
Ерлігі өнеге боп ұрпақтарға  
Сүзгенің аты мәңгі жаңғырыпты

Үлгі етіп ӨР РУХ ПЕН СҰЛУЛЫҚТЫ  
Нәзіктік жеңді осылай зұлымдықты.  
Жасырып қатпар-қатпар тереңіне  
Сырғыған талай ғасыр сырын бүкті.  
Бағасын бүгінгі ұрпақ өзің бергін  
Осымен СҮЗГЕ ЖАЙЛЫ ЖЫРЫМ БІТТІ.

Алматы, 2013 жыл. 3 желтоқсан.



Шаяхмет АЛЖАМБАЕВ,  
Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі, ақын.



(Басы 1-бетте)

**Ауданның жер асты жылы су көздері орта және жоғары палеозой және төменгі триас шөгінділерінен табылады. Судың температурасы 25-1500 С арасында. Олар емдік сулар ретінде және ауыл шарушылығында, жылыжайларда қолданылады.**

Емдік қасиеті мол термоминералды сулар шығатын бірнеше орын белгілі: Кіші Үсек, Қу-Арасаны, Көкгал-Арасаны, Кермеағаш арасаны т.б. сондай-ақ шипалы батпақтар да бар. Кермеағаш батпағы, Құндызды батпағы және табиғи «Найзатапқан» арасандарымен де айгілі.

«Қу-Арасан» Теңіз деңгейінен 1280 м биіктікте орналасқан. Бұл бұлақтарды «Қу-Арасан» немесе «Жаркент Арасан минералды сулар кені» деп атайды. Минералды су қорбон кезеңінде қалыптасып фальзит-профирлерді тілгілеп өтетін тектоникалық белдемге шоғырланған. Палеозой эффузивінің тектоникалық жарығынан шығатын жылы сулы бұлақтар өзінің шипалық қасиетімен ертеден белгілі. 1983 жылы бұлақтар маңынан екі ұңғыма қазылған, бірінен су деңгейін 3,6 метрге, екіншісінен 12,2 м-ге төмендеткенде 3600 м<sup>3</sup> су алынған. Ұңғымалардың суы жылы (26-360С), минералдығы 0,6-1,2 г/л, аз сілтілі (рН 7,8), химиялық құрамы сульфатты натрийлі. Судың құрамында кремний қышқылы 70-96 мг/л, фтор 7-8 мг/л, литий 0,62 мг/л, строний 0,5 мг/л, рубидий 0,02 мг/л, радон - эман т.б. элементтер бар. Ерітінді газдың құрамында азот (74%), оттегі (25%), көмір қышқыл газы (2,8%), аргон (0,7%), гелий (0,007%) кездеседі. Минералды судың дебиті 1,7-104 м<sup>3</sup> тәуліктік, температурасы - 30,40 - 35,200 С, минералдығы 1-1,1 г/л. Минералды сулар сульфатты-хлоридті. Минералды су полимиелитке, радикулит, полиорит, қозғалу органдарының, кан жүру, жүйке жүйесінің және гинекология ауруларына шипалы. Қу-Арасан минералды суының қасында 1967 жылдан «Жаркент-Арасан» шипажайы жұмыс істейді.

«Жаркент-Арасан» бальнеологиялық сауықтыру орны. Буракожыр (Қу-Арасан) су көзінің емдік қасиеті туралы мәліметтер XVII ғасырдан бері белгілі. Климаты: қысы жұмсақ, жазы қоңыржай. Ауаның орташа температурасы қаңтарда 50С, шілдеде 260С. Жауын-шашынның орташа мөлшері 700 мм.

# ЖАРКЕНТТІҢ СУЫ – ЕМ, БАТПАҒЫ – ШИПА



Басты емдік қасиеті – ыстық (360С) радонды хлоридті-сульфатты натрийлі суы (минералдануы 1,13 г/л), құрамында азот, фтор бар. Санаторийдің негізгі емі – құрамында радон бар хлорсульфат натрийлі минералды су. Қан айналу, жүйке жүйесі, аяқ-қол, буын, тері және гинекология ауруларын емдейді. Климаттық факторлар (таудың шипалы таза ауасы, өсімдігі, табиғат ландшафтысы) кеңінен пайдаланылады физиотерапия, инемен емдеу, емдік дене шынықтыру қолданылады. Емдік ванна іш құрылысты шаю үшін қолданылады. Қазіргі кезде тәулігіне көлемі 50 м<sup>3</sup> су беретін екі бұрғылау көзі жұмыс жасайды. Шипажайдың жатын орны 300 төсек. Емдеу түрлері: радон ванналары, суасты үгу, гинекологиялық сауықтыру, минералды суды мөлшермен ішу, стоматологиялық айқытыру, физиемдеу, балшықпен емдеу, ине терапиясы, оттегі коктейлі, үгу, механикалық үгу, таутуризм, емдік дене шынықтыру. Мәдени және спорттық шаралар үнемі өткізіліп тұрады.

«Көкгал-Арасан» Жаркент өңірінде балаларға салынған шипажай. 1961 жылы ашылған. Айнала қоршаған әсем тау қойнауында өзен жағасына орналасқан, балалар үшін емделуге, тынығуға мол мүмкіндік береді.

«Кермеағаш, Кермеағаш» шипалы сумен емдейтін бальнеологиялық санаторий.

Алғаш рет 1986 жылы маусым айында Орта Азия бұрғылау экспедициясы Кермеағаш ауылының жанынан 3000 м тереңдіктен ыстық су бұрқағын атқылатты. Бұл судың құбыр түбіндегі ыстықтығы 5000С, ал құбыр аузында 950. Жаркент қаласынан 40 шақырым қашықтықта Сарпылдақ ауылында, Іле өзенінің аңғарында орналасқан. Климаты – континенттік. Жазы ыстық, күзі жылы әрі ұзақ, қысы қоңыржай суық. 1990 жылдан жыл бойы жұмыс істейді. Мұнда тыныс алу органдары, ас қорыту, қанайналу, жүйке жүйелері, қимыл-қозғалыс мүшелері, тері, урологиялық, гинекологиялық ауруларын емдейді. Ем ретінде әлсіз минералданған, сілтілігі аз, сульфат-хлоридті, натрий-кремнийлі, құрамы фторға бай гипертермалды су пайдаланылады. Демалушыларға минералды суы бар ванна, сауықтырғыш минералдық ванналар, ішек шаю, гинекологиялық шаю, сылап булау, емдік гимнастика, парафин, оттегі коктейлі, душ шарко, мәрмәр тасты қыздырғышы мен бассейні бар сауна, бассейні бар душ, физиотерапиялық ем, массаж, т.б. қызметтер көрсетіледі. Минералды суының құрамы осындай шипажай тек Болгарияда ғана бар. «Кермеағаш» шипажайы өзіндік дәстүрі мен тәжірибесі қалыптасқан емдеудің түр-түрін ұсынатын, салауатты өмірді дәріптейтін орын.

**Қорғастың шипалы бұлақтары.**

Қорғас минералды суы Жетісу Алатауының оңтүстік беткейіндегі

Қорғас өзенінің шағын оң саласы – Арасан өңірі шатқалында орналасқан. Минералды су өзен арнасы мен оның екі жағасындағы граниттерден және оларды жапқан борпылдақ жыныстардан шығады. Судың жалпы ағымы – 4-5 л/сек. Шипалық қасиеті жағынан радиоактивті сулар екі топтан тұрады. Солардың бір тобы – сілтілі, минералдылығы аз, организмге шипалылығы радон және кремний қышқылының болуымен анықталатын температурасы жоғары жылы сулар – Талғар, Меркі, Қорғас, Жаркент-Арасан, Талды-Арасан, Қалба-Нарын, т.б. минералды су көздері. Бұл сулардың құрамында радоннан басқа: кремний қышқылы, бор, фтор, йод пен бром болады.

Ал Қорғас минералды суының минералдық құрамы хлорлы-сульфатты натрийлі, радиоактивті (радон 150-180 эман), сілтілі. Судың температурасы 37 – 52 0С. 0,27 – 0,29 г/л суда 60 – 70 мг/л кремний қышқылы, күкіртсутек, қорғасын, күміс, молибден қоспалары бар.

Қорғас ыстық бұлақтарын химиялық құрамына байланысты Ресей Федерациясының Алтай республикасындағы Белокуриха курорт суымен теңестіруге болады. Жер асты сулары жүйке, жүрек, қан таралу, қимыл мүшелерінің ауруларына шипалы.

«Үсек шипалы балшығы» – Үшарал ауылынан 32 шақырым жердегі Үсек көлінің шипалы балшығы. Бұл тұзды балшық (тұздылығы 35-150 г/л) түріне жатады. Шипалы балшықтың аумағы 650 мың м, жалпы қоры 27 мың м<sup>3</sup>, ылғалдылығы 47,07 %, меншікті салмағы 1,55 г/см<sup>3</sup>. Химиялық құрамы хлоридті-сульфатты, магнийлі болып келеді.

**Қанипа УСПАНОВА,**  
Алтығү ауылы.



**«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ**  
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК  
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК  
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ  
Бас редактордың орынбасары –  
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ  
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:  
[jar-aina@mail.ru](mailto:jar-aina@mail.ru)

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.  
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
➤ Газет индексі - 65161  
➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.  
➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.  
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:  
Алматы облысы,  
Жаркент қаласы,  
Е.Сыпатаев көшесі,  
242 үй, 14 пәтер  
Тел.: 8/705/412-78-48;  
8/705/277-16-91;  
8/777/971-57-67  
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.  
Тапсырыс: №15633

